


АҚШ нарығына қысым күшейді: чип өндірушілер секторындағы жаппай сатылым индекстердің төмендеуін жеделдетті...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	7 365	▼ -1,4%	▲ 7,4%
NASDAQ	25 587	▼ -2,2%	▲ 10,1%
DJIA	51 667	▼ -0,1%	▲ 6,8%
CBOE Volatility Index (VIX)	19	▲ 12,8%	▲ 34,3%
Еуропа			
FTSE 100	10 429	▼ -0,1%	▲ 4,8%
DAX	2 120	▼ -1,2%	▲ 24,3%
Азия			
Hang Seng	23 336	▼ -1,8%	▼ -11,4%
Nikkei 225	69 582	▼ -3,8%	▲ 38,2%
Shanghai SE	4 106	▼ -1,4%	▲ 2,1%
Қазақстан			
KASE	7 685	▼ -0,4%	▲ 7,8%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сейсенбі күні АҚШ қор нарығындағы сауда-саттық технологиялық сектордағы жаппай сатылым аясында төмендеумен аяқталды. S&P 500 индексі 1,44%-ға төмендеп, 7 365,46 пунктті құрады, Nasdaq Composite 2,21%-ға құлдырап, 25 587,04 пунктке жетті, ал Dow Jones Industrial Average индексі 0,09%-ға төмендеп, 51 666,84 пункт деңгейінде жабылды. Сауда барысында S&P 500 индексіне кіретін 11 сектордың 7-уі өсім көрсетті. Ең жоғары өсімді Consumer Staples (+1,9%), Real Estate (+1,4%) және Health Care (+1,3%) секторлары тіркеді. Ал Information Technology (-3,0%), Materials (-1,4%) және Industrials (-1,3%) секторлары ең әлсіз нәтижелер көрсетті.

Сейсенбі күні АҚШ қор нарығы төмендеумен жабылды, ал S&P 500 және Nasdaq Composite индекстері бір аптадан астам уақыттағы ең төменгі деңгейлеріне түсті. Нарыққа қысым жартылай өткізгіштер секторындағы ауқымды сатылымнан туындады. Инвесторлар технологиялық компаниялардың жасанды интеллектті дамытуға жұмсап жатқан шығындарының артуын, оның ішінде қарыз қаражат есебінен қаржыландырылуын мұқият бағалауда. Сонымен қатар нарық қатысушылары АҚШ Федералдық резерв жүйесінің ақша-кредит саясатының қатаңдауы мүмкін деген болжамдарды да ескеруде.

Ең үлкен шығынға микрочип өндірушілердің акциялары ұшырады. Nvidia акциялары 4,1%-ға арзандады, Alphabet қағаздары 1%-ға төмендеді, ал Intel, Marvell Technology және Advanced Micro Devices акцияларының бағасы 5,8%-дан 9,4%-ға дейін құлдырады. Бұл түзету наурыз айының соңында АҚШ пен Иран арасындағы әскери қақтығыс кезінде байқалған минимумдардан кейінгі нарықтың қарқынды қалпына келуінен соң орын алды. Қазіргі төмендеуге қарамастан, SOX жартылай өткізгіштер индексі нәктем басындағы деңгейлерден әлі де айтарлықтай жоғары қалып отыр. Бұл инвесторларды сектордағы тәуекелдер мен технологиялық компаниялардың жоғары бағалануы жөнінде ойлануға мәжбүрлеуде.

Нарық қатысушыларының назары сондай-ақ сәрсенбі күні жариялануы күтілетін Micron Technology компаниясының қаржылық есебіне ауып отыр. Компания нәтижелері жасанды интеллект пен жад чиптері нарығының қазіргі жағдайын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіш болуы мүмкін.

Корпоративтік жаңалықтармен қатар инвесторлар Таяу Шығыстағы геосаяси жағдайды да бақылауда ұстап отыр. Сейсенбі күні АҚШ Сенаты Иранға қарсы әскери іс-қимылдарды тоқтату туралы заң жобасын қолдады. Алайда бұл шешімнің қақтығыстың әрі қарайғы дамуына қандай әсер ететіні әзірге белгісіз, өйткені АҚШ президенті Дональд Трамптың әкімшілігі Тегеранмен ықтимал бейбіт келісім бойынша келіссөздерді жалғастыруда.

Геосаяси шиеленістің бәсеңдеуі мұнай бағасына қысым көрсетті. Қақтығыс кезінде тіркелген ең жоғары деңгейлерден кейін мұнай бағасы Ормуз бұғазы арқылы жеткізілімдердің қалыпқа келетініне деген үміт аясында айтарлықтай төмендеді. Сауда қорытындысы бойынша Brent маркалы мұнай фьючерстері 1,1%-ға арзандап, барреліне 77,08 АҚШ долларында жабылды. Ал WTI маркалы мұнай фьючерстері 0,9%-ға төмендеп, барреліне 73,21 АҚШ долларын құрады. Нарық қатысушылары жеткізілімдердің үзілу қаупінің азаюын бағалап, өңірдегі жағдайдың одан әрі тұрақтануын күтуде.

Қазақстан қор нарығында да динамика біршама теріс болды. Сауда қорытындысы бойынша KASE индексі 0,36%-ға төмендеп, 7 684,74 пункт деңгейіне түсті. Индекске желекеленген акциялардың ұзақ мерзімді өсімінен кейін инвесторлардың пайда фиксациялауы қысым көрсетті. Сонымен қатар, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуді аяқтады. Бір акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 573,66 теңгені құрады, ал төлемдердің жалпы көлемі 350 млрд теңгеден асты.




S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Information Technology	24 369 155 964 840	▼ -3,0%	▼ -1,8%	▲ 165,2%
Communication Services	11 371 262 198 450	▼ -0,6%	▼ -7,0%	▲ 17,3%
Financials	8 401 849 734 530	▲ 0,4%	▲ 2,1%	▲ 8,3%
Consumer Discretionary	6 535 916 817 056	▼ -0,2%	▼ 1,7%	▲ 9,8%
Industrials	5 674 642 144 285	▼ -1,3%	▲ 1,3%	▲ 24,9%
Health Care	5 731 315 149 466	▲ 1,3%	▲ 2,8%	▲ 10,6%
Consumer Staples	3 544 243 927 294	▲ 1,9%	▲ 1,4%	▲ 1,6%
Energy	2 031 932 916 881	▼ -0,6%	▼ -5,5%	▲ 31,4%
Utilities	1 427 824 162 031	▼ 1,0%	▲ 0,4%	▲ 13,8%
Materials	1 198 467 334 565	▼ -1,4%	▼ -0,1%	▲ 21,8%
Real Estate	1 219 917 029 352	▲ 1,4%	▲ 0,7%	▲ 3,6%

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Қазақстан Халық Банкі	372	▼ -0,7%	▼ -0,1%
Банк ЦентрКредит	4 628	▼ -0,1%	▼ -2,1%
Kcell	3 218	▼ -0,7%	▼ -4,8%
"Казатомпром" ҰАК	34 550	▼ -2,4%	▲ 17,3%
КазТрансОйл	1 120	▼ -0,3%	▲ 16,1%
KEGOC	1 439	▲ 0,1%	▼ -7,2%
Kaspi.kz	40 465	▲ 0,5%	▼ -0,3%
"ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы	33 400	▲ 0,16%	▲ 52,4%
Эйр Астана	655	▲ 0,0%	▼ -42,7%
Қазақтелеком	40 360	▼ -0,2%	▼ -8,2%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	486,48	▼ -0,1%	▼ -4,0%
RUB/KZT	6,62	▲ 0,0%	▲ 3,5%
CNY/RUB	10,50	▲ 1,5%	▼ -4,4%
EUR/USD	1,1381	▼ -0,4%	▼ -2,9%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтііз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2026 ж.